22. При разрешении вопроса о санкционировании продолжения негласного следственного действия следует проверять обоснованность в его продлении, выяснять для каких целей оно необходимо и подтвердились ли выводы органа досудебного расследования о необходимости проведения негласного следственного действия в отношении конкретного лица или места.

Отсутствие обоснования в продолжении негласного следственного действия является основанием для отказа в его санкционировании.

Негласные следственные действия могут проводиться в течение досудебного расследования, до уведомления об окончании следственных действий по делу.

23. Негласные следственные действия, предусмотренные пунктами с 1) по 6) статьи 231 УПК, могут быть прекращены следственным судьей по ходатайству прокурора.

К ходатайству должны быть приложены доказательства, подтверждающие обоснованность доводов прокурора о необходимости прекращения негласного следственного действия. Обеспечение достоверности представленной информации возлагается на прокурора, обратившегося с указанным ходатайством.

При необоснованности ходатайства прокурора о прекращении негласного следственного действия в его удовлетворении может быть отказано, о чем следственный судья выносит мотивированное постановление, которое может быть пересмотрено вышестоящим судом по ходатайству прокурора по правилам статьи 107 УПК.

24. Лицо, в отношении которого проводилось негласное следственное действие, должно быть об этом уведомлено органом досудебного расследования без ознакомления с результатами негласного следственного действия в срок не позднее шести месяцев с момента вынесения итогового решения по уголовному делу, за исключением случаев, предусмотренных статьей 240 УПК.

Данный срок может быть продлен следственным судьей по мотивированному ходатайству органа досудебного расследования до одного года.

Письменное уведомление должно содержать сведения о виде проведенного негласного следственного действия и времени его проведения, а также разъяснение прав, предусмотренных частями второй, четвертой и шестой статьи 240 УПК.

Итоговым решением на досудебной стадии производства по уголовному делу является только постановление о прекращении досудебного производства.

При вынесении судом приговора шестимесячный срок уведомления исчисляется с момента вступления его в законную силу.

В случаях, когда лицо уведомлено о факте проведения негласных следственных действий в ходе досудебного производства при ознакомлении с материалами уголовного дела в порядке, предусмотренном статьями 295 и 296 УПК, либо уведомлено в порядке, предусмотренном частью второй статьи 239 УПК, данное лицо считается уведомленным о проведенных негласных следственных действиях и повторного уведомления не требуется.

25. Орган досудебного расследования в случаях, предусмотренных частью 1-1 статьи 240 УПК, ходатайствует перед следственным судьей

о неуведомлении лица о проведенном в отношении него негласном следственном действии.

Следственный судья по мотивированному ходатайству органа досудебного расследования может согласовать неуведомление лица о проведенном в отношении него негласном следственном действии:

по уголовному делу о террористическом или экстремистском преступлении;

по уголовному делу о преступлении, совершенном преступной группой;

если уведомление создает угрозу разглашения государственных секретов;

если уведомление создает угрозу безопасности лиц, осуществляющих деятельность на конфиденциальной основе и в конспиративной форме, и иных лиц.

Указанный перечень является исчерпывающим и расширительному толкованию не подлежит.

26. Лицо, в отношении которого проводились негласные следственные действия, в течение пятнадцати суток с момента получения уведомления вправе обратиться в суд, которым было санкционировано проведение негласного следственного действия в порядке, предусмотренном статьей 106 УПК, с заявлением о признании проведения соответствующих негласных следственных действий незаконными и возмещении причиненного ущерба (при наличии такового).

Следственный судья при рассмотрении жалобы в порядке статьи 106 УПК должен проверить законность действий органа досудебного расследования по исполнению постановления о проведении негласного следственного действия, не обсуждая законность санкционирования данного постановления. Постановление следственного судьи может быть обжаловано, пересмотрено по ходатайству прокурора в порядке, предусмотренном статьей 107 УПК.

27. Согласно статье 4 Конституции настоящее нормативное постановление включается в состав действующего права, является общеобязательным и вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Председатель Верховного Суда
Республики Казахстан**

Ж.Асанов

**Судья Верховного Суда
Республики Казахстан,
секретарь пленарного заседания**

Г.Альмагамбетова

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулыларынан үзінділер

Извлечения из постановлений судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан

Жер даулары бойынша

Жергілікті соттар материалдық және процестік құқық нормаларын дұрыс қолданған және құқықтық тұрғыдан дұрыс баға берген

2020 жылғы 4 қараша

№ 6001-20-00-32п/300

Талап қоюшы «Алматы облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» ММ жауапкерлер: Іле ауданының әкімдігіне, «Іле ауданы сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-ге, «Іле ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-ге, Іле ауданы бойынша мемлекеттік тіркеу және кадастр бөліміне, В.-ға, А.-ға, Д.-ға әкімнің қаулыларын заңсыз, жалға беру шарттары мен жер учаскелеріне уақытша жер пайдалану құқығын беретін актілерін жарамсыз деп тану және олардың мемлекеттік тіркеулерінің күшін жою туралы талап қою арызымен сотқа жүгінген.

Алматы облысы Іле аудандық сотының 2020 жылғы 4 наурыздағы шешімімен талап қою арызы ішінара қанағаттандырылған.

Іле ауданы әкімінің В.-ға 2017 жылғы 23 маусымдағы № 196 және А.-ға 2018 жылғы 25 маусымдағы № 296 жер учаскелерін беру туралы қаулылары заңсыз деп танылып, күші жойылған.

«Іле ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ мен В.-ның арасында 2017 жылғы 5 шілдеде, ММ мен А.-ның арасында 2018 жылғы 6 тамызда жасалған жалға алу шарттары және 2017 жылғы 5 шілдеде, 2018 жылғы 16 тамызда берілген уақытша (ұзақ мерзімге, қысқа мерзімге) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін актілері жарамсыз деп танылған. Жер учаскелерінің мемлекеттік тіркеулерінің күші жойылған.

Талаптың қалған бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылған.

Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 19 мамырдағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Өтінішхат иесі соттардың материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданбағанын көрсетіп, сот актілерінің күшін жоюды сұраған. В.-ға жер учаскесі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес берілген деп санайды.

Өтінішхатқа пікірлер ұсынылмаған.

Сот алқасы жауапкерлердің өкілдері Б.-ның өтінішхат уәждерін қолдаған түсінігін, Іле ауданының әкімдігі мен «Іле ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-нің өкілдерінің өтінішхатты қолдап, жауапкерге жер учаскесі қандай да бір бағалаусыз босалқы жерлерден бөлінгендігі туралы пікірлерін, талап қоюшы өкілінің қарсы пікірін, іс материалдарын зерттеп және өтінішхат уәждерін зерделеп, кассациялық сот алқасы (бұдан әрі – Сот алқасы) мынадай тұжырымға келді.

Жауапкер сот актілеріне В.-мен жасалған жалға алу шартын және оған жер учаскесін беру туралы қаулыны заңсыз деп тану бөлігінде шағымданған, басқа жауапкерлер өтінішхат бермеген.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 449-бабының бірінші бөлігіне сәйкес істі кассациялық тәртіппен қарау кезінде сот істегі материалдар бойынша жауапкер В.-ның өтінішхатының уәждері шегінде соттар шығарған сот актілерінің заңдылығын тексереді.

Іс құжаттарына қарағанда, Іле ауданы әкімінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 196 қаулысымен В.-ға жекеше орман өсіру үшін Іле ауданы КазЦИК ауылдық округінің жерінде орналасқан жалпы ауданы 0,5300 га жер учаскесі (бұдан әрі – даулы жер учаскесі) уақытша ұзақ мерзімге өтеулі жалға алу құқығымен 49 жылға берілген.

2017 жылғы 5 шілдеде аталған қаулының негізінде «Іле ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ мен В.-ның арасында жер учаскесін жалға алу шарты жасалған.

Сол күні уақытша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатына жататын, ауданы 0,5300 га, кадастрлық нөмірі 03-046-056-054, жекеше орман өсіру мақсатындағы жер учаскесіне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік акт табысталған.

Жергілікті соттар талап қою арызының В.-ға жер учаскесін беру туралы қаулыны және жасалған жалға алу шартын заңсыз деп тану бөліктерін қанағаттандыра отырып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін жекеше орман өсіру үшін беру барысында қолданыстағы заңнама талаптарының сақталмағанымен негіздеген.

Сот алқасы жергілікті соттардың бұл тұжырымдары заңды, сонымен қатар сотта зерттелген іс құжаттарына және даулы қатынастарға қолданылатын материалдық құқық нормаларының талаптарына сәйкес келеді деп есептейді.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
- 2) елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;
- 5) орман қорының жері;
- 6) су қорының жері;
- 7) босалқы жер.

Кодекстің 48-бабы мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) алудың тәртібін реттейді.

Кодекстің 48-бабы 1-тармағының 14-1) тармақшасына сәйкес (жер учаскесін беру кезінде қолданыста болған 2017 жылғы редакциясында) жер учаскесі немесе жер учаскесін жалдау құқығы жекеше орман өсіру үшін жағдайын қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын беру сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жер-кадастрлық кітабының мәліметтері бойынша В.-ға жекеше орман өсіру үшін аумағы 5 300 ш.м. жер учаскесі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден берілген.

Кодекстің 10-тарауында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге қатысты мәселелер реттелген.

Кодекстің 97-бабы 6-тармағының 2) тармақшасында Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларына және шетелдік қатысуы жоқ заңды тұлғаларына шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу, орман өсіру, ғылыми-зерттеу, тәжірибе жүргізу және оқыту мақсаттарында, қосалқы ауыл шаруашылығын, бау-бақша шаруашылығын және мал шаруашылығын жүргізу үшін жер пайдалануға берілетіні қарастырылған.

Сонымен бірге Кодекстің 98-бабында ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру тәртібі белгіленген.

Бұл нормаларға жасалған талдаудан, осы санаттағы жерлерден жер учаскесін табыс етудің алдында, оны басқа санатқа ауыстыру бойынша жұмыстар жүргізу қажет деген тұжырым жасауға болады, өйткені ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер неғұрлым құнды санат болып табылады, оған елдің игілігін құрайтын ең жақсы құнарлы жерлер жатады. Тиісінше бұл жерлерді мақсатына сай пайдалану қажет.

Уәкілетті орган даулы жер учаскесін жекеше орман өсіру үшін 49 жылға бере отырып, оның ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер

санатынан жекеше орман өсіру үшін беру қажеттілігін, сондай-ақ қазіргі уақытта өнімді жерлер ретінде мақсатына сай пайдалану мүмкін еместігін негіздеуі тиіс еді.

Сонымен қатар кассациялық сатыдағы сотта әкімдік пен Жер қатынастары бөлімінің өкілдері жер учаскесіне қандай да бір бағалау жасалмағаны, В.-ға учаске оның таңдауы бойынша берілгені туралы түсініктеме берді.

Жоғарыда аталған Кодекс нормаларының ережелері орман заңнамасының талаптарына де сәйкес келеді.

Яғни, мемлекеттік орман қоры жерінің құрамына өзге санаттағы жерлер, бірінші кезекте ауыл шаруашылығына пайдалану үшін жарамсыз (сайлар, жыралар, құмдауыттар, басқа да тозған жерлер) жерлер, сондай-ақ босалқы жерлер берілуі мүмкін (Орман кодексінің 74-бабы).

Сот алқасы әкімдіктің жер учаскесі босалқы жерлерден берілді деген қарсы уәждерін назарға алмайды.

Өйткені босалқы жерлер өз алдына елдің жер қорының дербес санаты болып табылады. Оларға меншікке немесе жер пайдалануға берілмеген барлық жерлер жатады, демек босалқы жерлерді беру, оны беру мақсатына байланысты басқа санаттарға ауысуына ұласады. Даулы жер учаскесінің ауыл шаруашылығы жерлерінен бөлінгені жер-кадастрлық кітабының үзіндісімен расталады.

Іс бойынша жиналған дәлелдемелерді соттар істегі бар дәлелдемелердің жиынтығында бейтарап, жан-жақты және толық қарауға негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалаған.

Сот алқасы дауланған қаулы мен сәйкестендіру құжатын заңсыз деп тану дұрыс қабылданған сот шешімінің мәніне әсер етпейтіндігін, сондықтан оны АПК-нің 427-бабының үшінші бөлігі негізінде өзгертуге жатпайтынын атап өтеді.

Сот алқасы жергілікті соттар материалдық және процестік құқық нормаларын дұрыс қолданған, істің мән-жайларына тиісті құқықтық баға берген, сондықтан дауланып отырған сот актілерінің күшін жоюға немесе өзгертуге және өтінішхатты қанағаттандыруға негіз жоқ деп санайды.

Айтылғандардың негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі кассациялық сот алқасы жергілікті соттардың сот актілерін күшінде қалдырды, жауапкер В.-ның өкілі Б.-ның өтінішхаты қанағаттандырусыз қалдырылды.



Споры, связанные с исполнительной надписью нотариуса

Местными судами по настоящему делу допущено неправильное применение подпункта 1) пункта 2 статьи 92-1 Закона «О нотариате»

23 сентября 2020 года

№ 6001-20-00-32п/262

Н. обратился в суд с заявлением о признании незаконными совершённых нотариусом города Алматы К. трёх исполнительных надписей о взыскании с него в пользу Е. по договору займа от 15 ноября 2018 года суммы долга:

- от 3 июня 2019 года, реестровый № 646, о взыскании 50 008 926 тенге;
- от 20 июня 2019 года, реестровый № 646, о взыскании 35 046 026 тенге;
- от 16 июля 2019 года, реестровый № 873, о взыскании 35 005 126 тенге.

Н. просил также признать незаконным отказ нотариуса К. вынести постановления об отмене исполнительных надписей, возложить на неё обязанность устранить нарушение его прав, отменить исполнительные надписи. Требования мотивировал доводами о том, что исполнительные надписи не получал, а договор займа от 15 ноября 2018 года был фиктивным.

Решением суда № 2 Ауэзовского района города Алматы от 2 марта 2020 года заявление удовлетворено частично, постановлено отменить исполнительные надписи, совершённые нотариусом К.:

- от 3 июня 2019 года, реестровый № 646, о взыскании с Н. в пользу Е. суммы долга по договору займа в размере 50 008 926 тенге;
- от 20 июня 2019 года, реестровый № 646, о взыскании с Н. в пользу Е. суммы долга по договору займа в размере 35 046 026 тенге;
- от 16 июля 2019 года, реестровый № 873, о взыскании с Н. в пользу Е. суммы долга в размере 35 005 126 тенге.

Постановлением судебной коллегии по гражданским делам Алматинского городского суда от 28 мая 2020 года решение районного суда изменено, в части удовлетворения требований Н. об отмене исполнительных надписей от 3 июня и 20 июня 2019 года решение отменено с вынесением нового решения, в этой части в удовлетворении заявления отказано. В остальной части решение суда первой инстанции оставлено без изменения.

Судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда отменила решение суда первой первой инстанции в части отмены исполнительной надписи нотариуса К. от 16 июля 2019 года, реестровый

№ 873, и постановление апелляцияционной инстанции в этой части также отменила с вынесением нового решения об отказе в удовлетворении в этой части заявления Н.

В остальной части постановление апелляцияционной инстанции оставлено без изменения по следующим основаниям.

По делу установлено, что 15 ноября 2018 года нотариусом города Алматы Ш. удостоверен договор займа между заимодателем Е. и заемщиком Н., по условиям которого Н. занял у Е. денежные средства в сумме 50 000 000 тенге и обязался вернуть их до 31 декабря 2018 года.

Сторонами сделки не отрицается, что из указанной суммы займа Н. возвращено Е. 15 000 000 тенге.

3 июня 2019 года Е. обратился к частному нотариусу за совершением исполнительной надписи о взыскании с Н. задолженности в сумме 50 000 000 тенге.

В тот же день Е. подано нотариусу другое заявление, в котором с учётом ранее погашенной суммы долга и в связи с допущенной опиской он просил учинить другую исполнительную надпись о взыскании с Н. долга в сумме 35 000 000 тенге.

В соответствии с пунктом 1 статьи 92-1 Закона Республики Казахстан «О нотариате» для взыскания денег или истребования иного движимого имущества от должника нотариус совершает исполнительную надпись на документе, устанавливающем задолженность, или выдает соответствующее постановление.

Нотариусом города Алматы К. 3 июня 2019 года последовательно совершены две исполнительные надписи, зарегистрированные под одним и тем же номером 646, о взыскании с Н. в пользу Е. задолженности в сумме 50 000 000 тенге и 35 000 000 тенге и расходов по совершению исполнительной надписи. При этом первая исполнительная надпись сразу же ошибочно не была отменена.

21 и 25 июня 2019 года Н. направил нотариусу возражения и дополнение к возражениям против заявленного Е. требования.

Нотариус К. постановлениями от 4 июля и 15 июля 2019 года отменила исполнительные надписи от 3 июня 2019 года по реестру № 646 о взыскании с Н. в пользу Е. задолженности в сумме 50 000 000 тенге и 35 000 000 тенге.

16 июля 2019 года Е. подал нотариусу заявление об учинении исполнительной надписи о взыскании с Н. долга в сумме 35 000 000 тенге на основании нотариально удостоверенного договора займа от 15 ноября 2018 года (50 000 000 тенге сумма займа минус 15 000 000 тенге сумма частичного возврата). При этом указал, что на момент обращения за совершением исполнительной надписи отсутствует судебный спор об исполнении обязательства.

16 июля 2019 года нотариусом К. совершена исполнительная надпись по реестру № 873 о взыскании с Н. в пользу Е. задолженности по договору займа в сумме 35 000 000 тенге и расходов по совершению исполнительной надписи в сумме 5 126 тенге.

19 сентября 2019 года Н. направил в адрес нотариуса возражения против заявленных взыскателем требований, указав, что не признавал задолженность и не получал копию исполнительной надписи.

Нотариусом К. отказано Н. в отмене исполнительной надписи от 16 июля 2019 года.

В соответствии с пунктом 2 статьи 92-8 Закона Республики Казахстан «О нотариате» в случае, если постановлением нотариуса совершённая исполнительная надпись или соответствующее постановление по возражению должника не отменены, их оспаривание осуществляется в судебном порядке.

Не согласившись с вышеуказанными исполнительными надписями, Н. оспорил их в судебном порядке.

Удовлетворение требования Н. в полном объёме суд первой инстанции мотивировал указанием на то, что для совершения исполнительной надписи помимо самого договора займа должен быть представлен документ, подтверждающий признание долга, заявитель же долг не признавал, более того, утверждал, что договор не подписывал и денежные средства не получал.

Отмену решения районного суда в части отмены исполнительных надписей от 3 и 20 июня 2019 года суд апелляционной инстанции мотивировал указанием на то, что названные исполнительные надписи отменены самим нотариусом К. 4 и 15 июля 2019 года и их повторная отмена судебным решением не требуется.

Согласно материалам гражданского дела обе исполнительные надписи, зарегистрированные под реестровым № 646, о взыскании с Н. в пользу Е. по договору займа от 15 ноября 2018 года суммы долга 50 008 926 тенге и 35 046 026 тенге фактически были учинены нотариусом К. 3 июня 2019 года (а не 3 и 20 июня).

Поскольку на момент обращения Н. в суд с заявлением по настоящему делу вышеуказанные исполнительные надписи отменены самим нотариусом постановлениями от 4 и 15 июля 2019 года, судебная коллегия Верховного Суда с учётом положения части 3 статьи 427 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – ГПК) о том, что не может быть отменено правильное по существу решение суда по одним лишь формальным соображениям, считает отсутствующей необходимость отмены постановления Алматинского городского суда от 28 мая 2020 года в указанной части.

Оставление в силе решения районного суда в части отмены исполнительной надписи от 16 июля 2019 года, реестровый

№ 873, апелляциянная инстанция мотивировала тем, что нотариально удостоверенный договор займа не является бесспорным ввиду давности его заключения и поданных должником Н. возражений.

Выводы судов о наличии оснований для отмены исполнительной надписи нотариуса К. от 16 июля 2019 года судебная коллегия Верховного Суда считает несостоятельными, основанными на неправильном применении норм материального права.

В силу положений статьи 92-2 Закона «О нотариате» исполнительная надпись совершается, если представленные документы подтверждают бесспорность задолженности или иной ответственности должника перед взыскателем.

Пунктом 2 статьи 92-1 Закона «О нотариате» установлен исчерпывающий перечень бесспорных требований, по которым может быть совершена исполнительная надпись.

Так, заявленное в порядке главы 14-1 Закона «О нотариате» требование об исполнении обязательства, основанного на нотариально удостоверенной сделке, при отсутствии данных об исполнении обязательства в установленный срок по смыслу подпункта 1) пункта 2 статьи 92-1 Закона «О нотариате» является бесспорным и для совершения исполнительной надписи по такому требованию не требуется предоставление нотариусу доказательств признания должником неисполнения обязательства.

Согласно подпункту 1) пункта 223 Правил совершения нотариальных действий нотариусами, утверждённых приказом Министра юстиции Республики Казахстан от 31 января 2012 года № 31 (далее – Правила № 31), для взыскания задолженности по обязательству о займе денег, основанному на нотариально удостоверенной сделке, представляются подлинный экземпляр нотариально удостоверенного договора (соглашения).

Как достоверно установлено по материалам дела, Е. заявлено бесспорное требование об исполнении обязательства, основанного на нотариально удостоверенной сделке, в подтверждение чего нотариусу К. предоставлен договор займа 50 000 000 тенге, удостоверенный 15 ноября 2018 года нотариусом Ш.

Обращение Е. за исполнительной надписью к нотариусу К. имело место по истечении установленного договором займа срока исполнения обязательства (до 31 декабря 2018 года) и в пределах установленного законом трёхлетнего срока исковой давности.

С учётом вышеуказанных положений законодательства и установленных обстоятельств при совершении нотариусом К. исполнительной надписи по обязательству, основанному на нотариально удостоверенной сделке, предоставление Е. документа, подтверждающего признание долга должником Н., не требовалось.

Кроме того, взыскателем Е. в заявлении о совершении исполнительной надписи указано, что на момент обращения за совершением исполнительной надписи отсутствует судебный спор с должником об исполнении обязательства, связанный с непогашением задолженности. Поэтому в действиях нотариуса К. в этой части отсутствует нарушение положений пункта 220 Правил № 31.

Судами не учтено также, что на момент совершения исполнительной надписи договор займа от 15 ноября 2018 года должником Н. не оспорен в установленном законом порядке и не признан недействительным.

Таким образом, местными судами по настоящему делу допущено неправильное применение подпункта 1) пункта 2 статьи 92-1 Закона «О нотариате».



Споры о праве наследования

Согласно пунктам 1, 2, 5 статьи 1074 ГК в редакции, действовавшей на момент открытия наследства, наследник вправе отказаться от наследства в течение шести месяцев со дня, когда он узнал или должен был узнать о своем призвании к наследованию

14 октября 2020 года

№ 6001-20-00-3зп/285

М. обратилась в суд с иском к Ж., Г., А., В., Б., Э. о признании свидетельств о праве на наследство и дополнения к свидетельству о праве на наследство недействительными.

Решением Медеуского районного суда города Алматы от 24 февраля 2020 года иск удовлетворен.

Постановлением судебной коллегии по гражданским делам Алматинского городского суда от 1 июня 2020 года решение суда оставлено без изменения.

Судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда отменила судебные акты местных судов и по делу вынесла новое решение об отказе в удовлетворении иска М. к Ж., Г., А., В., Б., Э. о признании свидетельств о праве на наследство и дополнения к свидетельству о праве на наследство недействительными по следующим основаниям.

При рассмотрении дела такие нарушения местными судами допущены.

Из материалов дела следует, что 21 июля 2005 года умерла Ш., мать истца и ответчиков.

При жизни Ш. завещала свое имущество одной из дочерей - Э.

Завещание удостоверено нотариусом А. 4 июня 2005 года и зарегистрировано в реестре за № 9-9000.

После открытия наследства 30 декабря 2005 года Э. отказалась от наследования по завещанию в пользу сестры - Ж., Т. отказался от обязательной доли в наследстве, открывшемся после смерти супруги.

5 мая 2006 года умер Т., который при жизни также завещал все свое имущество Э.

Завещание удостоверено нотариусом А. 4 июня 2005 года и зарегистрировано в реестре за № 9-9001 3 ноября 2006 года Э. отказалась от наследства в пользу Ж.

Согласно свидетельствам о праве на наследство по закону от 5 апреля 2006 года реестр 1-483, 1-485, 1-487, 1-491, 1-493, от 25 апреля 2007 года

реестр 2-551, от 18 мая 2007 года реестр 2-619, 2-620, от 19 мая 2007 года реестр 2-553, дополнению к свидетельству о праве на наследство по закону от 19 мая 2007 года реестр 2-555, все движимое и недвижимое имущество наследодателей Ж. унаследовано Ж.

Суд первой инстанции, удовлетворяя требования истца о признании оспариваемых свидетельств недействительными, мотивировал свои выводы тем, что на момент выдачи свидетельств о праве на наследство вопрос о наследственной доле истца не был разрешен, при этом истец от своей доли в наследстве после смерти наследодателей не отказывалась.

Апелляционная инстанция согласилась с выводами суда первой инстанции, указав, что ответчики нарушили права истца, безосновательно распорядившись ее долей.

Вместе с тем с выводами местных судов нельзя согласиться, поскольку они не соответствуют установленным обстоятельствам дела и основаны на неправильном применении норм материального права.

Согласно статье 1039 Гражданского кодекса Республики Казахстан (далее – ГК) наследование осуществляется по завещанию и (или) по закону. Наследование по закону имеет место, когда завещание отсутствует либо определяет судьбу не всего наследства, а также в иных случаях, установленных настоящим Кодексом.

Согласно пунктам 1, 2, 5 статьи 1074 ГК в редакции, действовавшей на момент открытия наследства, наследник вправе отказаться от наследства в течение шести месяцев со дня, когда он узнал или должен был узнать о своем призвании к наследованию. При наличии уважительных причин этот срок может быть продлен судом, однако, не более чем на два месяца.

Отказ от наследства совершается подачей наследником заявления нотариусу по месту открытия наследства.

При отказе от наследства наследник вправе указать, что он отказывается от него в пользу других лиц из числа наследников по завещанию или по закону любой очереди.

По делу установлено, что единственным наследником по завещанию после смерти Ш. являлась Э., которая в пределах установленного законом срока отказалась от наследства в пользу Ж.

В пользу Ж. отказался от наследования обязательной доли переживший супруг Ш. - Т.

После смерти отца Э., будучи наследницей по завещанию, вновь отказалась от наследства в пользу Ж.

Согласно требованиям пункта 1 статьи 1069 ГК, независимо от содержания завещания, не менее половины доли наследства, которая причиталась бы каждому из них при наследовании по закону (обязательная доля), наследуют несовершеннолетние или нетрудоспособные дети наследодателя, а также его нетрудоспособные супруг и родители.

Других наследников, имеющих обязательную долю в наследстве, открывшемся после смерти Т., не имелось, в связи с чем оспариваемые свидетельства обоснованно выданы единственному законному наследнику Ж.

Принимая во внимание, что М. доказательств, подтверждающих ее право на обязательную долю в наследстве, открывшемся после смерти ее родителей, суду не представлено, ее права оспариваемыми свидетельствами не нарушены.

Оба родителя право распоряжения своим имуществом после их смерти оставили за одной из дочерей – Э., которая распорядилась им в пользу Ж.

Завещания, составленные Ш., Т. в пользу Э., не оспорены, в связи с чем истец не вправе требовать признания недействительными свидетельства о праве на наследство, выданные вследствие исполнения завещаний.



**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер
жөніндегі сот алқасының қаулыларынан үзінділер**

**Извлечения из постановлений судебной коллегии по уголовным делам
Верховного Суда Республики Казахстан**

**Міндетті қосымша жазаның дұрыс тағайындалмауына
байланысты сот актілері өзгертілді**

Жаза тағайындау

2020 жылғы 6 қазан

№ 2уп-211-20

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының № 2 сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы үкімімен:

М. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 190-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен, мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айырыла отырып, 4 000 000 теңге мөлшерінде айыппұл жазасын өтеуге сотталған.

ҚК-нің 49-бабына сәйкес «полиция полковнигі» арнаулы шенінен айырылған.

Заттай дәлелдемелердің мәселесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 118-бабында бекітілген тәртіп бойынша шешілген.

Сот үкімімен М. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген лауазымды адам бола тұра, өзінің қызмет бабын пайдаланып, бөтеннің мүлкін алаяқтық жолмен жымқырғаны үшін кінәлі деп танылған.

Ақтөбе облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 18 наурыздағы қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушы наразылығында сотталған М.-ның жоғарыда аталған қылмыстық құқық

бұзушылық бойынша кінәсінің дәлелденуі мен іс-әрекетінің саралануын, негізгі жазаның түрі мен мөлшерін дауламай, қосымша жаза тағайындағанда соттың қылмыстық заңды дұрыс қолданбауын көрсетіп, сот актілерін өзгертуді, оған қосымша жазаны қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы орын алған мезгілде қолданыста болған қылмыстық заңға сәйкес тағайындауды сұраған.

Сотталған М.-ның мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттілік берілген лауазымды адам бола тұра, өзінің қызмет бабын пайдаланып, жәбірленуші Т.-ның сеніміне кіріп, оның Маңғыстау облысының мамандандырылған күзет қызметі басқармасының полицейі қызметіне ауысуына көмек бере алатынын айтып алдап, үкімде сипатталған мән-жайда соңғының 400 000 теңгесін заңсыз иемденудегі кінәсінің дәлелденгендігі туралы сот тұжырымы басты сот талқылауында жете зерттеліп, құқықтық тұрғыдан тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген және істің нақты мән-жайына сәйкес келеді.

Іс бойынша тергеу әрекеттері жүргізілгенде ҚПК-нің талаптары сақталған, сондықтан бұл дәлелдемелердің заңдылығы қандай да бір күмән тудырмайды.

ҚПК-нің 125-бабының талаптарына сай сот дәлелдемелердің әрқайсысына - олардың қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жинақталған дәлелдемелерге өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан негізді баға беріп, М.-ның іс-әрекетін ҚК-нің 190-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен дұрыс саралаған.

Сот жаза тағайындағанда ҚК-нің 52-бабының талаптарын басшылыққа алып, М.-ның қылмыстық әрекетінің сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, жеке басына қатысты мәліметтерді, іс бойынша қылмыстық жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып, негізгі жазаны әділ тағайындаған.

Оның қылмыстық құқық бұзушылық бойынша кінәсінің дәлелденуі мен іс-әрекетінің саралануы, сол сияқты оған тағайындалған негізгі жазаның түрі мен мөлшері наразылықта дауланбаған.

Ал М.-ға міндетті қосымша жаза тағайындау барысында соттың заң бұзушылыққа жол бергені жөніндегі наразылықтың уәжі негізді.

М. кінәлі деп танылған қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекет ҚК-нің 3-бабының 29) тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстар санатына жатады.

ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінің талаптарына сай сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін өмір бойына тыйым салу белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру міндетті түрде тағайындалуы тиіс.

Қылмыстық іс материалдарынан анықталғандай, М. айыпты деп танылған қылмыстық құқық бұзушылық әрекет 2015 жылғы

15 қыркүйекте орын алған, ал «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 292-VІЗРК Заңымен (бұдан әрі – Заң) ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бұл баптың жаңа редакциясында атқару мен айналысу құқығына өмір бойына тыйым салуға жататын лауазымдар мен қызметтердің аясы кеңейтілген.

ҚК-нің 5-бабына сәйкес іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығы сол іс-әрекет жасалған уақытта қолданыста болған заңмен айқындалады.

Қылмыстық заңның осы тұрғысынан алғанда, міндетті қосымша жазаны қатаңдатып, сотталғандардың «квазимемлекеттік сектор субъектілерінде» лауазымдарды атқаруына өмір бойына тыйым салатын жоғарыда аталған Заң олардың жағдайларын нашарлатады.

Ал ҚК-нің 6-бабына сай іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығын жоятын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылығы немесе жазасын жеңілдететін жағдайын өзге де түрде жақсартатын заңның кері күші болады.

Сондықтан да сот М.-ға қосымша жазаны ҚК-нің 5 және 6-баптарының талаптарын ескере отырып, осы Кодекстің 50-бабы екінші бөлігінің қылмыстық оқиға орын алған кезде қолданыста болған редакциясына сәйкес тағайындауға тиіс болған.

Мұндай жағдайда М.-ға міндетті қосымша жазаны ҚК-нің 50-бабы екінші бөлігінің жаңа редакциясы бойынша тағайындау туралы соттың шешімі заңсыз.

ҚПК-нің 485-бабы бірінші бөлігінің 5) тармағына сәйкес заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарауға істі тергеп-тексеру немесе сотта қарау кезінде жол берілген заң бұзушылықтар, оның ішінде жазаның дұрыс тағайындалмауы негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған М.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертіп, М.-ға тағайындалған «мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыру» қосымша жазасының күшін жойды.

М.-ға «мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде

және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекет үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы аталған еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыру» қосымша жазасы тағайындалды.

Сот актілерінің қалған бөліктері өзгеріссіз қалдырылып, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының наразылығы қанағаттандырылды.



**Қылмыстық іс-әрекетті саралау
және жаза тағайындау**

**Қылмыстық заңның нормалары дұрыс
қолданылмағандықтан сот актілері өзгертілді**

2020 жылғы 6 қазан

№ 2уп-98(2)-20

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы № 2 сотының 2019 жылғы 22 шілдедегі үкімімен:

Қ. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 394-бабының екінші бөлігімен 2 жыл 6 айға, ҚК-нің 385-бабының екінші бөлігімен 1 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған, ҚК-нің 385-бабының үшінші бөлігімен 160 сағат қоғамдық жұмысқа тартылған.

ҚК-нің 58-бабы екінші бөлігінің негізінде онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы түпкiлiктi 2 жыл 6 айға бас бостандығын шектеу жазасына сотталған.

Сол мерзiмге пробациялық бақылау белгiленiп, жергiлiктi атқарушы органдар айқындайтын орындарда жылына 100 сағатқа мiжбiрлi еңбекке тартылған.

Сот үкiмiмен Қ. адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен шетелдiктерге қолдан жасалған құжаттар берiп, олардың Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз келу, кету және орын ауыстыру үшiн өзге де қызметтер көрсету арқылы заңсыз көш-қонды ұйымдастырған және адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен құқықтар беретiн немесе мiндеттерден босататын қолдан жасалған ресми құжатты бiрнеше рет өткiзген және көрiнеу жалған құжатты пайдаланғаны үшiн кiнәлi деп танылған.

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық iстер жөнiндегi сот алқасының 2019 жылғы 3 қыркүйектегi қаулысымен сот үкiмi өзгерiссiз қалдырылған.

Сотталған Қ. өзiнiң өтiнiшхатында ҚК-нiң 394-бабының екiншi бөлiгi бойынша, яғни заңсыз көшi-қонды ұйымдастыру айыбы негiзсiз тағылғанын, құрбысы А.-ның Қытай Халық Республикасы (бұдан әрi – ҚХР) азаматтарының апостильденген дипломымен жұмыс өтiлi туралы анықтамаларды нотариус арқылы куәландырып беру туралы өтiнiшiн орындағанын, алайда А.-ға қатысты қылмыстық iс сотқа дейiнгi тергеп-тексеру барысында ҚК-нiң 65-бабының негiзiнде қылмыстық iстi шынайы

өкінуіне байланысты қысқартылғанын көрсеткен. Сонымен қатар жалғыз басты ана екенін, асырауында төрт жасөспірім баласы бар екендігін, жағымды мінезделетінін, бұрын сотталмағанын ескеріп, оған қатысты сот актілерінің күшін жойып, ақтау үкімін шығаруды сұраған.

Іс құжаттарынан анықталғандай, Алматы қаласының тұрғындары А., Т., С., Қ., К. және өзге де сөз байласқан адамдар тобы 2017-2018 жылдар аралығында Қызылорда облысы Шиелі ауданында цемент зауытын салушы шетелдік мердігер «Ч» жауапкершілігі шектеулі қоғамына жұмыс күші ретінде тартылған ҚХР азаматтарын жалған құжаттармен қамтамасыз етіп, заңсыз көші-қонды ұйымдастырумен айналысқан.

«Д» ЖШС-ның директоры Т. мен С. «Ч» кәсіпорнының өкілдерімен тығыз байланыста болып, жұмысқа келуі тиіс Қытай азаматтарының тізімін А.-ға ұсынумен, оларды қолдан жасалған жалған құжаттармен қамтамасыз етумен және Қызылорда облысындағы уәкілетті орган өкілдерімен тікелей байланыста болып, еңбек етуге рұқсат алған шетелдіктерді Қазақстан Республикасында күтіп алумен айналысқан.

Ал А. тізім бойынша ұсынылған ҚХР азаматтарын апостильденген жалған дипломмен және жұмыс өтілі туралы анықтамалармен қамтамасыз ету үшін таныстары Қ. және К.-мен сөз байласып, соңғылардың көмегімен ресми жалған құжатты «Е-лицензиялау» жүйесі арқылы Қызылорда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жолдап отырған.

Қ. мен К. адамдармен сөз байласып, А.-дан алған тізім бойынша қытайлықтарды апостильденген жалған дипломмен және жұмыс өтілі туралы анықтамалармен қамтамасыз етіп отырған.

Адамдар тобының бұл әрекетінен бейхабар Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдері, аудармасы нотариалды куәландырылып келген жалған ресми құжаттарды Қызылорда облыстық әкімдігінің шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар беру жөніндегі комиссиясына ұсынып, «Ч» кәсіпорнына қытайлықтарды шетелдік маман ретінде тартуға рұқсат берген.

А. шетелдіктерді жалған құжатпен қамтамасыз ету туралы ұсынысын таныстары К. мен Қ.-ға айтып, алдын ала сөз байласу нәтижесінде Қытай азаматтарына апостильденген жалған дипломды және жұмыс өтілі туралы анықтаманы әзірлеп беруге келіскен. Әр қытайлықты жалған құжатпен қамтамасыз еткен қызметін К. 180 АҚШ долларға, Қ. 160 АҚШ долларға бағалаған.

2017-2018 жылдар аралығында «Ч» кәсіпорнына жалпы саны 760 ҚХР азаматының жалған дипломмен жоғары білікті маман ретінде жұмысқа рұқсат алуына және ҚР-на емін-еркін кіріп-шығуына қолайлы жағдай жасаған.

2017 жылғы 7 қарашада А. сотталған Қ.-ға 15 ҚХР азаматтарының құжаттарын және ақшаны табыс еткен.

Қ. болса, ҚХР азаматтарын апостильденген жалған дипломмен және жұмыс өтілі туралы анықтамамен қамтамасыз етіп, көрінеу жалған құжаттың аудармасын Алматы қаласында орналасқан нотариус арқылы куәландырып, оларды А.-ға ұсынған.

2017 жылғы 30 қарашада А. нотариалды аударылған көрінеу жалған ресми құжатты заңсыз пайдаланып, сканерлеп, электронды нұсқасын «Е-лицензиялау» базасы арқылы Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының шетел жұмыс күші ретінде тартуға рұқсат берген.

Одан әрі «Ч» кәсіпорнының атынан берілген сенімхат негізінде С., жалған құжатпен жұмысқа рұқсат алған ҚХР азаматтарының шақыру қағазын Қызылорда облыстық көші-қон қызметі басқармасына өткізіп, шетелдіктердің келуіне қолайлы жағдай жасаған. Өз кезегінде Т. жалған құжат арқылы шақырылған қытайлықтарды Алматы қаласынан күтіп алып, Қызылорда облысындағы кәсіпорынға жетуін қамтамасыз еткен.

Дәл осындай жолмен Қ.-ның әзірлеп берген жалған құжаттары негізінде 2018 жылғы 5-20 наурыз аралығында 137 ҚХР азаматы, 2018 жылғы 10-26 сәуір аралығында 95 ҚХР азаматы, 2018 жылғы 4-20 маусым аралығында 95 ҚХР азаматы «Ч» кәсіпорнына жұмыс істеуге рұқсат алған.

Яғни Қ. адамдар тобы болып алдын ала сөз байласып, заңсыз көші-қонды ұйымдастырумен, жалған құжаттарды бірнеше рет өткізумен айналысқан.

Қ.-ның кінәсі куәлардың айғақтарымен, беттестіру, айғақ заттарды алу хаттамаларымен, сараптама қорытындыларымен, жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерімен дәлелденген.

Бірінші сатыдағы сот Қ.-ның қылмыстық әрекетіне құқықтық тұрғыдан негізді баға беріп, ҚК-нің 394-бабының екінші бөлігімен және ҚК-нің 385-бабының екінші бөлігімен дұрыс саралаған.

Алайда соттың ҚК-нің 385-бабының үшінші бөлігі бойынша, яғни Қ.-ны көрінеу жалған құжаттарды пайдаланумен айналысқан деген тұжырымы негізсіз болып табылады.

Басты сот талқылауы барысында куә А. өз жауабында, Қ.-ны танитындығын және ол тізім бойынша ұсынылған ҚХР азаматтарын апостильденген жалған дипломмен және жұмыс өтілі туралы анықтамалармен қамтамасыз етіп, ол үшін адамдар әзірлеген ресми жалған құжатты «Е-лицензиялау» жүйесі арқылы Қызылорда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жолдап отырғандығын айтып көрсеткен.

Қ. қытайлық азаматтарды апостильденген жалған дипломмен және жұмыс өтілі туралы анықтамамен қамтамасыз етіп, құжаттың аудармасын

А.-ға ұсынып отырған. Демек Қ. құжаттарды бірнеше рет әзірлеп беруге көмектескен, бірақ өзі оларды пайдаланбаған.

Істің мұндай тұрғысынан, Қ.-ның әрекетінен ҚК-нің 385-бабының үшінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамы көрінбейді.

Сондай-ақ сот сотталған Қ.-ның іс-әрекеттерін ҚК-нің 394-бабының екінші бөлігімен, 385-бабының екінші бөлігімен, яғни адамдар тобы болып алдын ала сөз байласып, заңсыз көші-қонды ұйымдастыру белгісімен саралай отырып, оның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайы ретінде қылмыстық құқық бұзушылықты алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобының жасағанын таныған.

ҚК-нің 54-бабының екінші бөлігіне сәйкес, егер осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мән-жай ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көзделген болса, ол жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қайта ескерілмейді.

Яғни сот сотталған Қ.-ға жаза тағайындағанда, оның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жай ретінде қылмыстық құқық бұзушылықты алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобының жасағанын негізсіз таныған.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 4-тармағына сәйкес ҚК-нің 53-бабында немесе 54-бабында көзделген мән-жай қылмысты саралайтын белгілердің бірі ретінде ҚК-нің Ерекше бөлігіндегі бабының диспозициясында көрсетілсе, сот оны осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде тани алмайтындығы көрсетілген.

Бірінші сатыдағы сот Қ. жаза тағайындағанда, оның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлар ретінде істеген әрекетіне шын ниетпен өкінуін, жас балалары барын ескерген.

Демек сотталғанның қылмыстық құқық бұзушылықты алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен жасауы іс бойынша оның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жай ретінде танылуға жатпайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Қ.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертіп, үкімнің Қ.-ны ҚК-нің 385-бабының үшінші бөлігімен кінәлі деп таныған бөлігінің күші жойылып, қылмыстық іс тоқтатылды.

Іс бойынша сотталған Қ.-ның қылмыстық құқық бұзушылықты алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен жасауы оның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайы ретінде танылуы алып тасталды.

Сот актілерінің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылды.

Сотталған Қ.-ның өтінішхаты ішінара қанағаттандырылды.

Үкімнің заңдылығы мен негізділігі

**Айыптау үкімі заңды әрі негізді, ҚПК-нің
388-бабының талаптарына толығымен сәйкес келеді**

2020 жылғы 15 қазан

№ 2уп-225-20

Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 4 маусымдағы үкімімен:

Ю. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 317-бабының төртінші бөлігімен кінәлі деп танылып, фтизиатр қызметпен айналысу құқығынан 3 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 3 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 318-бабының екінші бөлігімен фтизиатр қызметпен айналысу құқығынан 2 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 2 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған.

ҚК-нің 58-бабы үшінші бөлігінің негізінде онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіндіру арқылы түпкілікті фтизиатр қызметімен айналысу құқығынан 3 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу белгіленген.

Осы үкіммен К. сотталған, оған қатысты сот актілері дауланбаған.

Сот үкімімен Ю. «№ 4 Түркістан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – мекеме) 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қосымша 0,5 бірлікте дәрігер-фтизиатр болып тағайындалып, қызметі бойынша жүктелген міндеттерді тиісті түрде орындамай, өз қызметіне салғырт қарағанының салдарынан, бірнеше адамның өліміне, ауыр зардапқа әкеп соққан әрекеттерді жасағаны үшін кінәлі деп танылған.

Сотталған Ю. өтінішхатында Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 4 маусымдағы үкімімен келіспей, 2016 жылғы 1 наурыздан Мекемеге жалған сертификатпен қосымша 0,5 бірлікте дәрігер-фтизиатр болып тағайындалды деген бөлігі бойынша үкімде айып тағылмағанын, 2019 жылғы 8 қаңтардағы Түркістан қалалық сотының үкімімен ҚК-нің 385-бабының үшінші бөлігімен, ҚК-нің 71-бабының бірінші бөлігінің 1) тармағымен, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылғанын, сонымен қатар сот-медициналық сараптама қорытындысында көрсетілгендей науқастардың өзге аурулардан қайтыс болғаны, олар өз іс-әрекеттеріне

жауап бере алмай, аурулары туралы дәрігерге жеткізбегендері үшін дәрігердің ауруды анықтауға мүмкіндігі болмаған деген мән-жайларға сот тиесілі баға бермегенін, қайтыс болған науқастардың өліміне қатысы жоқ екенін көрсетіп, үкімді заңсыз деп санап, оның күшін жойып, тағылған айыбы дәлелденбегендіктен қылмыстық істі қысқартуды сұраған.

Адвокат С. сотталған Ю.-дың мүддесін қорғап келтірген өтінішхатында, Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 4 маусымдағы үкімімен келіспей, жоғарыда аталған мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары психоневрологиялық аурулары бар мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету екенін, мекеменің міндетіне туберкулезді емдеу, ал сотталған Ю.-дың міндетіне ауруларды емдеу кірмейтінін, ауруларды дәрігерге көрсету міндеті жүктелмегенін, сол себепті салғырттығы орын алған деген айыптың бөлігін негізсіз деп санайды. Сонымен қатар, сотталған 2016 жылғы 8 тамыздағы № 255Қ бұйрыққа сәйкес дәрігер фтизиатр жұмысынан босатылғанын, осыған орай үкімнің күшін жойып, сотталған Ю.-ды ақтауды сұраған.

Сотталған үкімнің сипаттау-уәждеу бөлігінде көрсетілген жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсінің дәлелденгендігі туралы сот тұжырымдары сот отырысында объективті түрде зерттелген және тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген және істің нақты мән-жайларына сәйкес келеді.

Қылмыстық істегі дәлелдемелерге сәйкес Ю. «№ 4 Түркістан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры К.-нің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 45-қ бұйрығымен көрсетілген Мекемеге 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қосымша 0,5 бірлікте дәрігер-фтизиатр болып тағайындалған.

Диспансер басшылығы 2009 жылы және 2016 жылғы 4 мамырда бекіткен лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес, Ю.-ға туберкулез ауруын ерте анықтау және диагнозды уақтылы қою мақсатында рентгенологиялық және рентгеноскопиялық зерттеулер жүргізу; болған барлық төтенше жағдайлар туралы дереу Диспансердің басшылығына хабарлау; техникалық, санитарлық - эпидемиологиялық, медициналық - профилактикалық және ұйымдастыру сипатындағы кешенді шараларды жүргізу; ұсыныстағы әдістемелік нұсқауларға сәйкес, аумақтық қағидалар бойынша туберкулезге шалдыққан науқастар арасында санитарлық жұмыстарын жүргізу; туберкулезге қарсы кешенді шаралардың орындалуы туралы әкімшілік өндірістік отырыстарда кезең-кезеңмен есеп беру міндеттелген.

Сонымен қатар «Туберкулез бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 19 бұйрығына сәйкес Ю.-дың міндетіне туберкулез ауруын анықтау, оның алдын алу кірген.

Алайда туберкулезге шалдыққан науқастар арасында санитарлық жұмыстары жүргізілмегендіктен, туберкулезге қарсы кешенді шаралардың орындалуы туралы әкімшілік өндірістік отырыстарда кезең-кезеңмен есеп берілмегендіктен, диагноздың уақтылы қойылмауы салдарынан мекемедегі ем алушылар жаппай туберкулез індетіне шалдығып, оның зардабы бірнеше адамның өліміне әкеп соққан.

Ю. Мекеменің аумағында, арнайы медициналық құрылғымен жабдықталған «Камаз» автокөлігімен 1 және 2-топтағы психоневрологиялық аурулармен ауыратын әлеуметтік ем алушыларды, әр жылдың басында кезекті флюорографиялық тексеруден өткізу барысында, ем алушылардың арасында белсенді туберкулез белгісі бар адамдарды біле тұра оларды қосымша тексеруге жолдамаған, Мекеменің және өзінің басшылығына бұл туралы хабар бермеген, сондай-ақ профилактиканың, диагностиканың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін бұзған.

Сонымен қатар Ю. 2015 жылғы 14-16 ақпан, 2016 жылғы 6-8 қаңтар аралығында және 2017 жылғы 10 қаңтарда «Туберкулез бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 19 бұйрығының 17) тармағының 8) тармақшасына сәйкес туберкулезге жыл сайынғы міндетті флюорографиялық зерттеп-қарауға жататын «қауіпті» топ адамдар - өкпесінде кез келген этиологияның қалдықтары бар Т., А., К., Е., Қ., Ш., П. және Д.-ларда флюорографиялық тексеруден өткізу кезінде олардың өкпелеріндегі туберкулез белгілерін анықтамай, оларға қатысты тиісті қорытындылар бермеген және қосымша рентгенологиялық тексеру тағайындамаған.

Олардың ішінде К.-нің 2017 жылғы 10 қаңтарда түсірілген флюорографиялық тексеру нәтижесі ақаулы болған, ал ауруханада ем қабылдау кезінде 2017 жылғы 26 қаңтарда соңғысына қайтадан түсірілген флюорографиялық тексеру барысында, оның оң өкпесінің жоғарғы бөлігінің ыдырау сатысы анықталған.

Сондай-ақ Ю. 2016 жылғы 16 наурыз – 23 сәуір аралығында ем алушыларды қарау барысында олардың салмақ тастауын, тәбетінің төмендеуін, әлсіздігін және ұзақ уақыт бойы жөтел белгілерін көре тұра, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 22 сәуірдегі № 19 бұйрығының 2-тарауының 5) тармағына сәйкес қақырыққа микроскопиялық зерттеу және «Хpert MTB/RIF» әдісін қолданбаған.

Ем алушылардың медициналық құжаттарында флюоротүсірілімдерінің жоқтығы анықталған.

Мекеменің жаңа басшысы Д. тағайындалған соң, соңғының қадағалауымен 2017 жылғы 9-11 қаңтарда Мекемедегі 1 және 2-топтағы психоневрологиялық аурулармен ауыратын 504 әлеуметтік ем алушыны

Ю. әдеттегідей кезекті флюорографиялық тексеруден өткізу кезінде, бастапқыда 7 адамда туберкулез белгілері анықталып, кейіннен тереңдетілген тексерулер жүргізу нәтижесінде, туберкулез ауруына шалдыққан емделушілердің жалпы саны 134-ке жеткен, оның зардабынан 6 емделуші қайтыс болған.

Куә Е. сотта берген өз айғағында, 2005 жылдан бері Шымкент қаласындағы Облыстық патология-анатомиялық бюросында дәрігер-патологоанатом болып қызмет атқаратындығын, 2017 жылғы ақпанда туберкулезге қарсы диспансер қызметкерлері алып келген Г.-ның, маусым айында Е.-нің, ал шілде айында М.-ның мәйіттеріне ашып-жарып қарау жүргізгендігін, ашып-жарып қарау жүргізу және олардың медициналық құжаттарын зерделеу нәтижесінде Е.-нің өлімінің негізгі себебі «бауыр серозы», сонымен қатар «екі өкпенің жоғарғы бөлігінің инфилтративті туберкулездің ыдырауы» анықталғаны жөнінде көрсеткен. Ағза жалпы қатты әлсіреп, белок жетіспеушілігі орын алғандығын, Г.-ның өлімінің себебі туберкулездің асқыну салдарынан жедел өкпе жүрек жетіспеушілігі себеп болғандығын анықтаған.

Куә Т. сотта берген жауабында, 1996 жылдан бері Шымкент қаласындағы Облыстық патология-анатомиялық бюросында дәрігер-патологоанатом болып қызмет жасайтындығын. 2017 жылғы ақпанда туберкулезге қарсы диспансер қызметкерлері алып келген Р.-ның, ал сол жылдың маусым айында мәйіттерін ашып-жарып қарап, жауаптарын тиісті мекемеге жолдағандығын. Р. мен П.-ның мәйіттерін ашып-жарып қарау және дәрігерлік құжаттарымен танысу барысында, олардың өлімдерінің себептері таза туберкулезден болғанын, Р.-ның «сол өкпенің асбседирующий пневмониясы», «оң өкпенің инфилтративті туберкулезі», П.-ның «екі өкпенің инфилтративті туберкулез» ауруы себеп болғандығын көрсеткен.

Куә Ж. сотта Ю.-дың тарапынан маман ретінде кемшіліктер жіберуіне байланысты, яғни фтизиатр ретінде хаттама толық орындамағанның салдарынан осындай ауыр зардап болғанын айтып көрсеткен.

Сонымен қатар куә Д. өз жауабында туберкулез ауруы 3-4 ай мерзімде дамитаынын көрсеткен.

Бұдан басқа сотталған Ю.-дің кінәсі сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот тергеуі кезінде берген куәлардың айғақтарымен, КММ-ге жүргізілген 2017 жылғы 31 наурыздағы тексеру актісімен, сондай-ақ «Түркістан қалалық Емханасы» КҚММ жүргізген 2017 жылғы 31 наурыздығы тексеру актісіне, 47 ем алушыға қатысты жүргізілген комиссиялық сот-медициналық сараптаманың қорытындыларымен және басқа да қылмыстық іс материалдарымен дәлелденген.

Сот отырысында зерттелген әрбір дәлелдеме ҚПК-нің 125-бабының талабына сай қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктігі тұрғысынан бағаланған.

Мұндай мән-жайда сот Ю.-дің әрекеттеріне құқықтық тұрғыдан негізді баға беріп, оларды ҚК-нің 317-бабының төртінші бөлігімен, ҚК-нің 318-бабының екінші бөлігімен дұрыс саралаған.

Сот Ю.-ге жаза тағайындағанда оның жасаған қылмысының сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, жеке басына қатысты деректерді ескере отырып, оған әділ жаза тағайындаған.

Сонымен қатар бұрын Ю.-ге қатысты Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 6 наурыздағы қаулысымен Түркістан қалалық сотының 2019 жылғы 8 қаңтардағы ақтау үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Алайда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 1 қазандағы қаулысымен аталған сот актілерінің Ю.-ді ҚК-нің 317-бабының төртінші бөлігімен, ҚК-нің 318-бабының екінші бөлігімен ақтаған бөлігінің күштері жойылған.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 27-VI Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы бірінші бөлігінің 12) тармағына сәйкес 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (2014 жылғы 3 шілдеден кейін осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) көзделген қылмыстарды жасаған, атап айтқанда медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамағаны (317-баптың төртінші бөлігі) үшін сотталған адамдарға рақымшылық жасау қолданылмайды.

Сонымен қатар осы баптың 9) тармағына сәйкес, егер қылмыстардың біріне осы Заңның күші қолданылмайтын болса, қылмыстар жиынтығы болған жағдайда да қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Ю.-ға қатысты апелляциялық сот алқасының үкімін өзгеріссіз, сотталған Ю.-дің және оның мүддесін қорғаушы адвокат С.-ның өтінішхаттары қанағаттандырусыз қалдырылды.



Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы

Сотталғанның іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылды

2020 жылғы 20 қазан

№ 2уп-214-20

Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2018 жылғы 31 қазандағы үкімімен:

Т. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 262-бабының екінші бөлігімен меншігіндегі қылмыстық жолмен табылған, не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлкі тәркілене отырып, 6 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, ҚК-нің 190-бабы төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарымен меншігіндегі қылмыстық жолмен табылған, не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлкі тәркіленіп, коммерциялық ұйымдарда басшылық қызметін атқару құқығынан 5 жыл мерзімге айыру жолымен 6 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, ҚК-нің 218-бабы үшінші бөлігінің 3) тармағымен меншігіндегі қылмыстық жолмен табылған, не табылған қаражатқа сатып алынған мүлкі тәркіленіп, 4 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, ҚК-нің 58-бабы үшінші бөлігінің талаптары негізінде жазаларды ішінара қосу жолымен Д.-ға меншігіндегі қылмыстық жолмен табылған, не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлкі тәркіленіп, коммерциялық ұйымдарда басшылық қызметін атқару құқығынан 5 жыл мерзімге айыру арқылы түпкілікті 8 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемелерінде өтеу белгіленген.

Жазаны өтеу мерзімі 2017 жылғы 21 мамырдан бастап есептелген.

Шымкент қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына Д.-дан 143 676 948 теңге, сондай-ақ 2014-2017 жылдар аралығында келтірілген материалдық залал ретінде Д.-дан, Т.-дан, О.-дан 235 681 977 теңге ортақ тәртіппен өндірілген.

Сотталғандар Д., Т., О.-лардан мемлекет пайдасына тиісінше 3 793 589 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілген.

Заттай дәлелдемелердің мәселесін сот шешкен.

Осы үкіммен Т., О. және басқалар да сотталған, бірақ оларға қатысты сот актілері өтінішхатта дауланбаған.

Сот үкімімен Д. 2012 жылғы 1 қаңтардан 2017 жылғы 30 сәуірге дейін Шымкент қалалық халықты жұмыспен қамту орталығының сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында анықталмаған қызметкерлерімен және сотталған Т., О.-лармен ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында әрекет ете отырып, сенімді теріс пайдалану арқылы, яғни алаяқтық жолмен бөтеннің мүлкін (мемлекет қаржысын) аса ірі мөлшерде жымқырғаны және осы аса ірі мөлшердегі бөтеннің мүлкін (мемлекет қаржысын) өз атына заңдастыру мақсатында 2012 жылғы 7 қыркүйекте Шымкент қаласының Төле би көшесі бойында орналасқан № 21 «б» үйдің 13-пәтерін 7 925 000 теңгеге және 2012 жылғы 10 қыркүйекте сол үйдің 46-пәтерін 4 572 000 теңгеге, яғни қылмыстық жолмен алынған ақшаға сатып алып, өзінің атына рәсімдегені үшін кінәлі деп танылған.

Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 28 қаңтардағы қаулысымен үкім өзгертілген.

Сотталған Д.-дан, Т.-дан Шымкент қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – ЖҚО) пайдасына 2014 жылы келтірген материалдық залал ретінде 89 393 776 теңге және мемлекеттің пайдасына 893 937 теңге 76 тиын баж салығы, ал 2015-2017 жылдар аралығында келтірілген материалдық залал ретінде Д.-дан, Т.-дан, О.-дан 146 288 201 теңге және мемлекет пайдасына 1 462 882 теңге 01 тиын өндірілген.

Үкімнің қарар бөлігі сотталған Д.-ның меншігіндегі Шымкент қаласы, Төле би көшесі бойынша орналасқан № 21 үйдің 13-пәтері және сол үйдің 46-пәтері мемлекет пайдасына тәркіленсін деп нақтыланған. Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылған.

Адвокат Б. өтінішхатында сотталған Д.-ның ЖҚО-ға еш қатысы болмағанын, өз алдына дара кәсіпкерлік (бұдан әрі – ДК) субъектісі болғанын, осыған байланысты ұйымдасқан қылмыстық топты құруға және қатысуға ешқандай алғышарт болмағанын көрсетеді. ДК субъектілеріне жолданатын «әр жұмысшының жолдамасына 15 000 теңгеден бермесен жұмысшы жолдамаймыз» деген ЖҚО-ның басшыларының ұсынысына көнуге мәжбүр болғанын, соның салдарынан 2012 жылдан 2017 жылға дейін қылмыстық әрекеттерін жалғастырып келгенін айтады. Алайда оның сотталғандар Т., О.-мен ешқандай тұрақты түрде қылмыстық топ құрмағанын, олармен тығыз байланыста болмағанын көрсетеді. Сонымен қоса, Д. қылмыстың субъектісі емес, қылмыс субъектілеріне көмектесуші болып табылатындықтан, ДК субъектілеріне ақша аудару мәселелері мекеме, бөлім басшыларының қолдарымен шешілетіндіктен және есеп бөлімі орындайтындықтан оның және сотталғандардың әрекеттері ҚК-нің 189-бабының тиісті бөлігімен саралануға жататындығына, бірінші сатыдағы соттың Д. мен Т. және О.-ның арасында тығыз байланыс болмағанына, сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі жауаптары қысым жасалу жолымен берілгені

туралы жауаптарын ескермегеніне назар аударған. Бірінші сатыдағы сот үкімін өзгертіп, Д.-ны ҚК-нің 262-бабының екінші бөлігі және 190-бабының төртінші бөлігінің 1) тармағымен ақтауды сұраған.

Адвокат Б.-ның өтінішхаттың уәждерін қанағаттандыруды, прокурор С.-ның сот актілерін ішінара өзгертуді сұраған пікірлерін тыңдап, қылмыстық іс материалдарын зерделеп, сот алқасы сотталған Д.-ға қатысты сот актілері төмендегі негіздер бойынша өзгертілуге жатады деген тұжырымға келді.

Сотталған Д.-ның әрекеттері ҚК-нің 262-бабының екінші бөлігімен, 190-бабы төртінші бөлігінің 1), 2) тармақтарымен дұрыс сараланған.

Қылмыстық іс материалдарына қарағанда, Д.-ның 2012 жылғы 1 қаңтардан 2017 жылғы 30 сәуірге дейін Шымкент қалалық халықты жұмыспен қамту орталығының (бұдан әрі – ЖҚО) сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында анықталмаған қызметкерлерімен ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында әрекет ете отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны көрінеді.

Яғни сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жауап алынған куә С.-нің көрсетуі бойынша, қызы мен келінін жұмысқа орналастыру үшін қаладағы жарнамалардан «Зина» есімді әйелмен телефон арқылы байланысу нәтижесінде Д.-мен таныс болған. Қызы мен келінінің құжаттарын өткізген соң, араға 3 ай салып, Еңбекші аудандық ІІБ-ның қасында Индира есімді қыз оған екі қыздың айлығы ретінде 10 000 теңге берген. Алайда куә С. Д.-ның әрекетіне күмән келтіріп, мұндай жұмыстың қажет емес екенін, құжаттарды қайтарып беруін талап еткенін көрсетеді.

Сондай-ақ басқа да куәлар Ж., Е., Г., А., Я., Ю., М., Ю, Б., Я.-лардың айғақтарында осындай мазмұндас жауаптар беріле отырып, сотталған Д.-ның олардың жұмыс істемейтіндіктерін, барлық әрекеттің заңды екенін, олардың орнына құжаттары дұрыс емес адамдардың жұмыс жасайтындықтарын, айына тиісті көлемде ақша беріп тұратынын айғақтаған. Сонымен қоса, куәлар өздерінің банкоматтық карточкалары Д.-ның айтуы бойынша оның өзінде болатындығын, кейбіреулері оның қолында бірнеше банкоматтық карточканы көргендігін де баяндаған.

Сотталғандар О.-ның, М.-ның, А.-ның, Р.-ның, С.-ның, Ж.-ның, Э.-ның, Ә.-нің жауаптарына сәйкес Д. оларға мемлекеттен жұмыссыз азаматтарға жәрдемақы ретінде ақша бөлініп жатқанын, сенімхат жазып беру керектігін, егер аттарынан ДК субъектісін ашып берсе, тиісті көлемде айына ақша түсетіндігін, зейнетақы қорына ақша аударылып отыратындығын, соған сәйкес өздерінің туысқандарын, жұмыссыз азаматтарды Д.-ның ұсынысы бойынша құжаттар тапсыруға тартқандарын және мұның заңсыз екенін тергеп-тексеру кезінде білгендіктерін көрсетеді.

Д.-ның басқа адамдардың сеніміне қиянат жасап, оларды келісім шарт арқылы дара кәсіпкер ретінде тіркеп, жолдамамен жіберілген адамдардың

жұмыспен қамтамасыз етілмегендігі куәлар Н., Ж., И., С. және осындай 81 дара кәсіпкердің жауаптарымен расталады.

Сонымен қатар ЖҚО-да сотталған Д.-мен танысып, жұмыссыз ретінде тіркеліп, кейін Д.-ның телефон арқылы мемлекеттен бөлінген жәрдемақыны алып кетуге шақырғанын, 5 000 теңге жәрдемақы ретінде ақша бергенін, одан кейін Д.-ны көрмегендерін, ешқандай дара кәсіпкерлік субъектисінде жұмыс жасамағандықтарын көрсеткен ұқсас мазмұнда жауап берген куәлар Х. С., У-лардың және сол сияқты 44 куәның және тергеп-тексеру кезінде жауап алынған куәлар И, Б., Е., Г., Б., Р., А., Е., О., К., Н., Т., П., Ю., С., П., Б., С., М., Ш., Т., М., Н., А., Ұ., К.-лардың жауаптарымен айғақталады.

2017 жылғы 31 қазанда және 1 қарашада Д. мен О.-ның арасында, Т. мен О.-ның арасында жүргізілген беттестіру хаттамаларынан 2017 жылы Т.-ның айтуымен Д.-ға дара кәсіпкерлердің жұмыс табельдерін және атқарылған жұмыс актілерін апарғаны, оның көзінше тиісті дара кәсіпкерлердің атынан олардың қолтаңбаларын қойдырып, мөр бастырғаны туралы және Д.-ның аталған жауапты қуаттайтындығы көрінеді. Яғни тиісті кезең аралығында Д. мен О.-ның арасында келісімнің болғандығы расталады.

Сонымен қатар әлеуметтік жұмыс орындарына тіркелген азаматтардың есептік және атқарылған жұмыстар туралы құжаттардағы қолтаңбалардың «Сот жазу-тану» сараптамасы бойынша арнайы маманның қорытындыларына сәйкес «өздерімен орындалмағандығы» расталады.

Бұдан басқа Д.-ның басқаруындағы мемлекеттік тіркеу белгісі kz845LLA13 «BMW X5» автокөлігін, үйін қарау кезінде 2017 жылғы 30 мамырда оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасына сәйкес алынған айғақ заттар да осы қылмыстық істің мән-жайларына қатысы бар екендігін дәлелдейді.

Яғни қылмыстық іс материалдарын зерделей келе, Д.-ның қылмыстық топ құрамында әрекет еткені 2012-2017 жылдар аралығында бағдарламаға қатысқан дара кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыспен қамту орталығына өткізген есеп құжаттарымен, табельдермен дәлелденеді.

Т.-мен тұрақты хабарласып, осы қылмыстық әрекеттері жөнінде әңгімелер, келіссөздер жүргізіп келгені «Apple Iphone 6s» ұялы байланыс желісі арқылы зерттелген 2017 жылғы 15 маусымдағы маманның № 9 қорытындысымен расталады.

Демек Д.-ның адамдар тобы болып, еш кедергісіз өзара келісіммен, ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында пайдакүнемдік ниетпен, дара кәсіпкерлік субъектілерінің атынан бөтеннің мүлкін алаяқтық жолмен иемдену мақсатында, жеңіл жолмен ақша табуды көздеп, бағдарлама бойынша ұйымдастырушы ретінде жұмысқа тіркелген әр азаматқа жалақыны анықтап, жалған құжаттармен бюджеттен түскен ақшаларды жымқырып отырғаны бірінші сатыдағы сотта жан-жақты зерттелген.

Алайда бірінші сатыдағы соттың сотталған Д.-ның ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында қылмыстық жолмен алынған ақшаны пәтерлер сатып алу арқылы заңдастырған деген тұжырымы негізсіз болып табылады.

«Соттардың экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 3 нормативтік қаулысының 19-тармағына сәйкес ҚК-нің 218-бабына қатысты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) деп қылмыстық құқық бұзушылық жасау арқылы алынған ақшаға немесе өзге мүлікке кез келген билік етуді емес, тек қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен кірістерді білдіретін мүлікті конверсиялау немесе аудару түрінде мәмілелер жасасу арқылы заңды айналымға тарту не мұндай мүлікті иелену және пайдалану, егер мұндай мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен кірістер болып табылатыны белгілі болса, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе жасырып қалу, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға делдалдық ету түсініледі.

Бұл ретте соттар «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысының 3-тармағында қамтылған кінәлі адамның өзі заңсыз иелікке түскен бөтеннің мүлкіне қалауы бойынша билік етуі (сатуы немесе басқа адамдарға тегін беруі, бүлдіруі, бөлшектеуі, жоюы және т.б.) қылмыстық құқықтық бұзушылықтың жеке құрамын құрамайды және қосымша саралауды қажет етпейді деген түсіндірмелерді басшылыққа алуы қажет.

Демек Д.-ның алаяқтық жолмен алынған қаражаттарды иемдене отырып, өзінің мақсатына жаратып, пәтерлерді сатып алуы, ол қаражаттарды заңдастыруы болып табылмайды.

Осыған байланысты сот алқасы Д.-ны ҚК-нің 218-бабы үшінші бөлігінің 3) тармағымен соттау бөлігінде қылмыстың құрамы болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылуға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Д.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерінің бөлігін өзгертті.

Сот актілерінің Д.-ны ҚК-нің 218-бабы бірінші бөлігімен соттау бөлігінің күші жойылып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 2) тармағына сәйкес оның іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылды.

Д.-ға ҚК-нің 262-бабының екінші бөлігімен меншігіндегі қылмыстық жолмен табылған, не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлкі тәркіленіп, 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасы; ҚК-нің 190-бабы төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарымен қылмыстық жолмен табылған, не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлкі тәркіленіп, коммерциялық ұйымдарда басшылық қызметін атқару құқығынан 5 жыл мерзімге айыра отырып, 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасы өзгеріссіз қалдырылды.

ҚК-нің 58-бабының үшінші бөлігін қолдану арқылы Д.-ға түпкілікті меншігіндегі қылмыстық жолмен табылған, не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлкі тәркіленіп, коммерциялық ұйымдарда басшылық қызметін атқару құқығынан 5 жыл мерзімге айыра отырып, 7 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемесінде өтеу белгіленді.

Сот актілерінің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылды.

Адвокат Б.-ның сотталған Д.-ның мүддесі үшін келтірген өтінішхаты ішінара қанағаттандырылды.



Үкімнің заңдылығы мен негізділігі

Сот дәлелдемелердің қатыстылығы мен жол берілетіндігіне құқықтық тұрғыдан негізді баға беріп, сотталғанның іс-әрекетін ҚК-нің 366-бабының екінші бөлігімен дұрыс саралаған

2020 жылғы 22 қазан

№ 2уп-227-20

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық сотының 2018 жылғы 28 қыркүйектегі үкімімен:

С. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 366-бабының екінші бөлігімен кінәлі деп танылып, оған ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігіндегі тізімде көрсетілген лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, ҚК-нің 55-бабының 3), 6) бөліктері негізінде 21 000 000 теңге айыппұл салынған.

С.-дан мемлекет пайдасына 57 472 теңге процестік шығындар, Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қорына 48 100 теңге мәжбүрлі төлем өндірілген.

Іс бойынша заттай дәлелдемелердің мәселесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 118-бабында бекітілген тәртіп бойынша шешілген.

Сот үкімімен С. лауазымды адам бола тұра, айтарлықтай мөлшерде пара алғаны үшін кінәлі деп танылған.

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2018 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 16 шілдедегі қаулысымен сот актілері өзгеріссіз қалдырылған.

Бас Прокурор наразылығында сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен сот тергеуінде қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауы салдарынан С.-ның кінәсіз сотталғанын, куә У.-дың тарапынан С.-ның қылмыс жасауына арандату орын алғанын, У.-дың шын мәнінде кәсіпкерлікпен айналысып жер алуға ниеті болмағанын, сотталғанға бірнеше рет қоңырау шалып, қызметтік емес жағдайда кездесуге шақырғанын ескеріп, сот актілерінің күшін жойып, С.-ның іс-әрекетінде ҚК-нің 366-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыс құрамының болмауына байланысты іс бойынша өндіріс қысқартуды сұраған.

Сотталған С.-ның лауазымды адам бола тұра, айтарлықтай мөлшерде пара алғаны сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жинақталып, сотта зерттелген нақты және объективті деректер жиынтығымен толық өз дәлелін тапқан.

Сотталғанның кінәсі С.-ның өз кінәсін ішінара мойындаған жауабынан бөлек, куәлар У., Ж., Т., Г., Д., Э., Е.-лердің айғақтарымен, тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, сот сараптамасының қорытындысымен және іс бойынша жинақталған басқа да дәлелдемелермен толық дәлелденген.

Іс материалдарынан анықталғандай, «А» жеке кәсіпкерлігінің басшысы У. 2018 жылғы 26 шілдеде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының Қызылорда облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің Батыс аймағы бойынша ауданаралық басқармасына Басықара ауылдық округінің әкімі С.-ның ауыл маңынан кәсіпкерлік мақсатқа жер учаскесін беру үшін өзінен 700 000 теңге пара талап еткендігі жөнінде арызданған.

Аталған арыздың негізінде 2018 жылғы 27 шілдеде У.-ға 700 000 теңге және арнайы техникалық жазба құралдары берілген.

Куә У.-дың жауаптарынан анықталғандай, ол 2018 жылғы 3 шілдеде Басықара ауыл әкімшілігіне барып, әкім С.-мен жер алу туралы сөйлескен уақытта соңғы жер бөлімінің бастығы Ж. А.-ға және басқасына беру үшін 700 000 теңге ақша керек екенін айтқан. Содан кейін «Тропикал» кафесінде кездесіп, 700 000 теңгені үстел үстіне «сұраған ақшаңыз» деп С.-ға берген.

Бұл куәнің жауаптарын сот істің нақты мән-жайларына сәйкес келеді деп танып, айыптау үкімінің негізіне дұрыс алған, себебі олар жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерімен, куә У.-мен сотталған С. арасында жүргізілген әңгіменің стенограммасымен және сотта зерттелген басқа дәлелдемелермен объективті түрде расталады.

Жасырын тергеу әрекеттерінің бейнежазбасына сәйкес сотталған С. 2018 жылғы 28 шілдеде сағат 18:07 шамасында «Тропикал» кафесінде У.-мен кездесіп, 700 000 теңгені алу кезінде Қызылорда облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің қызметкерлерімен ұсталған. Оқиға орнына жүргізілген қарап-тексеру барысында аталған 700 000 теңге сол жерде С.-ның отырған көрпесінің астынан табылып, заттай дәлелдеме ретінде алынған.

Сот-химиялық сараптаманың қорытындысына сәйкес, оқиға орнын қарап-тексеру барысында С.-ның оң және сол қол алақандары мен саусақтарынан алынған сүртінділерінде, оқиға орнынан алынған ақша купюраларында арнайы химиялық заттарға жататын люминесценциялайтын қатпарлар анықталған. Бұл қатпарлар мен салыстырмалы үлгі ретінде ұсынылған люминофор ұнтағы бір класты, бір маркалы люминофорларға жатады.

Іс бойынша куә ретінде сұралған Ж., Т., Г., Д. дара кәсіпкер У.-дың жер сұраған арызы негізінде өз құзыреттері шегінде жұмыс атқарғандарын растаған.

Ал куәлар Э., Е. оқиға болған күні «Тропикал» кафесінде С.-ның отырған көрпесінің астынан 700 000 теңге шыққанын, ақшалардан пара деген жазуды көргендерін, соңғы параны жер учаскесін кезектен тыс алып беремін деп алғаны туралы айтқанын, ұсталған уақытта С.-ның өз кінәсін толық мойындағаны туралы айғақтар берген.

Төменгі сатыдағы соттарда сотталған С. куә У.-дан ақша талап еткенін жоққа шығармай, өзінің қылмыстық іс-әрекетін алаяқтық ретінде ҚК-нің 190-бабына қайта саралауды сұраған. Яғни сотталған өзінің кінәлілігін дауламай, тек қылмыстық әрекетінің саралану бөлігімен келіспеген.

Пара алу қылмысының ең маңызды белгісі ретінде соттар өзара келісілген ақша туралы деректерді анықтау қажет. Бұл тұрғыдан соттар іс материалдарын жан-жақты зерттей келе, сотталған С.-ның алдын-ала келісілген ақшаны сұрағандығы куә мен сотталғанның арасындағы стенограммамен анықталған.

Өзара әңгімелесу барысында куә У. «Сіздің айтқан жеті жүзді алып келдім, санап аласыз ба?» деген сөзіне, сотталған С. «Жердің добросы ма?» деп айтқан. Сонымен қатар куәнің «жерді жекешелендіруге бола ма?» деген сұрағына, сотталған «Болады, тағы бірденелер неғыла сал» деп куәні тағы да пара беруге азғырған. Бұл сөздердің мазмұнынан С.-ның ақша талап еткені көрініп тұр.

Істің мұндай тұрғысында, сотталған С.-ның куә У.-дан алдын-ала келісілген 700 000 теңгені талап еткендігі іс материалдарымен толық бекітіледі.

«Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысының он алтыншы бөлігінде адамның орындалуы үшін пара берілген әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасаған-жасамағанына қарамастан және қылмыстық қудалау органдарына дайындалып жатқан қылмыс туралы белгілі болғанына қарамастан, параны алу пара нысанасы қабылданған сәттен бастап аяқталды деп есептеледі.

Сотталған С. өзінің пара ретінде сұраған 700 000 теңгені алып, Қызылорда облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерімен ұсталғандықтан, оның іс-әрекеті аяқталған қылмыс болып саналады.

Осы ретте Бас Прокурордың наразылығында куә У.-дың тарапынан С.-ның қылмысты жасауына арандату дерегі орын алғандықтан, қылмыстық істі өндірістен қысқартуды сұрағаны және куә У.-дің кәсіпкерлікпен айналысуға ниеті болмағаны, С.-ға қатысты қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешім шыққаннан кейін өзінің сұраған жерін алып, мал шаруашылығымен

айналыспаған деген уәждері негізсіз болып табылады. Сондықтан ол тек болжамдарға негізделген.

Себебі ол Басықара ауылының мал шаруашылығымен айналысуға жерінің қолайлы екенін естіп, кәсіппен айналысуға ойы болғаны іс материалдарымен дәлелденеді.

У.-дың кәсіпкерлікпен айналысу немесе айналыспауы оның құқығы болып табылады, демек оның кәсіпкерлікпен айналысуы соңғының өз еркінде. Осыған орай куәнің кәсіпкерлікпен айналыспады деген наразылықтың уәжі болжам болып есептелгендіктен, оның әрекетін көрсетілген негіздер бойынша арандатушылық деп тануға болмайды.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 412-1-бабына сәйкес қылмыс жасауға арандату деп, жедел-ізвестіру қызметін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамның кейін әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе бопсалау мақсатында адамды қылмыс жасауға көндірген заңсыз әрекеттері танылады.

Осы тұрғыдан алатын болсақ, кез келген адам (арызданушы, куә және т.б.) жасанды түрде іс-әрекеттерді жүзеге асырып, қолдан қылмыстық белгілерді жасау және қандай да бір кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе бопсалау мақсатындағы заңсыз әрекеттерді тану қажет.

Ал осы іс бойынша заңсыз әрекеттер және оны дәлелдейтін нақты деректер наразылықта ұсынылмаған.

Сот нақты деректерге баға беріп, сотталған С.-ның лауазымды адам бола тұра, ауыл маңынан кәсіпкерлік мақсатқа жер учаскесін беру үшін, яғни қызметтік өкілеттігіне кіретін және лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге ықпал ете алатын әрекеті үшін У.-дан айтарлықтай мөлшерде пара алған деген тұжырымға дұрыс келген және оның әрекеттерін ҚК-нің 366-бабының екінші бөлігімен дұрыс саралаған.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы қанағаттандырылуға жатпайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған С.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгеріссіз қалдырды.

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының наразылығы қанағаттандырылған қалдырылды.



Жаза тағайындау

Тағайындалған жазаның қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы мен сотталғанның жеке басына сәйкес келмеуіне байланысты сот актілері өзгертілді

2020 жылғы 3 қараша

№ 2уп-234-20

Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық сотының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы үкімімен:

Ш. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 287-бабының екінші бөлігімен 6 айға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 293-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен 3 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 58-бабы үшінші бөлігінің негізінде түпкілікті 3 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 63-бабына сәйкес шартты жазаға сотталған.

Сот үкімімен Ж. «МР-80-13Т» модельді жарақаттаушы әрекеті бар газды-травматикалық тапаншаны заңсыз иемденіп, тасымалдап, сақтап, алып жүрген және адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен көрсетілген тапаншамен Қ.-ның сол қолының шынтақ тұсы мен сол аяғына бірнеше рет оқ атып, денсаулығына зиян келтіру үшін арнайы лайықталған тесіп-кесу мүмкіндігі бар пышақ тәріздес құралмен соңғының сол аяғының сан тұсына бірнеше рет ұрып, бұзақылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған.

Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 22 қаңтардағы қаулысымен үкім өзгертіліп, Ж.-ға ҚК-нің 287-бабының екінші бөлігімен тағайындалған 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы 6 айға бас бостандығын шектеу жазасына, ҚК-нің 293-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен тағайындалған 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасына ауыстырылған. ҚК-нің 58-бабының үшінші бөлігімен Ж.-ға түпкілікті 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған. Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылған.

Заттай дәлелдемелердің тағдырын сот шешкен.

Бас Прокурор наразылығында сотталған Ж.-ның кінәлілігін және әрекеттерінің саралануын дауламай, оған тағайындалған жазаны өзгертіп, бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды, сот актілерін өзгертуді сұраған.

Жәбірленуші Қ.-ның мүддесі үшін қорғаушы М.-ның келтірген өтінішхатында сотталғанға тағайындалған жазаның оның жасаған

іс-әрекетіне сәйкес келмейтінін көрсетіп, оған қатаң жаза тағайындауды сұраған.

Ж.-ның кінәсі іс бойынша жинақталған және сот отырысында жан-жақты, толық, объективті бағаланып, зерттелген, дәйектілігі жағынан ешбір күмән келтірмейтін дәлелдемелер жиынтығымен толық бекітілген.

Оның іс-әрекеттері ҚК-нің 287-бабының екінші бөлігімен, 293-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен дұрыс сараланған.

Алайда Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы жазаның дұрыс тағайындалмауына байланысты төмендегі негіздермен сот актілері өзгертілуге жатады деп санайды.

Сот алқасы төменгі сатыдағы соттар Ж.-ға жаза тағайындау барысында қылмыстық заң талаптарына қайшы, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын, қоғамдық орында қаруды заңсыз иемденіп, тасымалдап, сақтап және алып жүргендігін, оның қылмыс жасау барысында атқарып отырған ролін, белсенділік танытқанын, жасалған қылмыс сипатын ескермей, оған қоғамнан оқшауламайтын бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындау туралы негізсіз тұжырым жасаған деп есептейді.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – нормативтік қаулы) 6-тармағына сәйкес егер адамды кінәлі деп таныған ҚК-нің бабының санкциясы жазалардың баламалы түрлерін көздесе, ҚК-нің 52-бабының екінші бөлігіне сәйкес, жазаның неғұрлым жеңілірек түрі жазалаудың мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ете алмаған жағдайда ғана жазаның неғұрлым қатаң түрі қолданылатынын назарда ұстай отырып, соттар олардың ішінен жазаның неғұрлым жеңілірек түрін тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені талқылағандары жөн. Сот шешімі үкімде уәжделуі тиіс.

Осы нормативтік қаулының 2-тармағына сәйкес жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтаған кезде соттар ҚК-нің 11-бабында көзделген оның ауырлығын, сондай-ақ құқық бұзушылық жасалған кездегі мән-жайлардың (жасау тәсілі, кінәнің түрі, себептер мен мақсаттар, іс-әрекеттің аяқталу кезеңі, туындаған зардаптардың қоғамға қауіптілік дәрежесі және т.б.) жиынтығын ескеру керек.

Соттар қылмыстық жазаның тым жұмсақ немесе тым қатаң түрінің тағайындалуына жол бермей, жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін негізге алуға тиіс екенін айқындау қажет.

Сотта Ж.-ның жәбірленуші Қ.-ны қоғамдық орында, сотқа дейінгі тергеп-тексерумен толық аты-жөндері анықталмаған тұлғалармен өзімен бірге заңсыз сақтап жүрген 13 мм. «MP-80-13T» модельді, жаракаттаушы әрекеті бар оқ дәрімен атылатын тапаншадан жәбірленуші Қ.-ға бірнеше рет оқ атып, денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы лайықталған, тесіп-кесу қабілеті бар пышақ тәріздес құралды қолдану арқылы жәбірленушіге

дене жарақаттарын келтіріп, оқиға орнынан бой тасалағандығы дәлелді негіздермен расталған.

2019 жылғы 20 маусымдағы № 5778/1256 сарапшының қорытындысына сәйкес жәбірленуші Қ.-ның сол иығының, сол санының жарақаттары және тігілген жарақаттары анықталған. Бұл дене жарақаттары қатты доғал және қатты ұшы үшкір кесу қабілеті бар заттардың әсер етуінен болған, соның салдарынан жәбірленушіге «жеңіл» дәрежелі зиян келтірілген.

Осы орайда төменгі сатыдағы соттар тарапынан қылмыстық іс бойынша қылмыс оқиғасы, сотталғанның бұзақылық іс-әрекеті салдарынан келген зардаптың қоғамға қауіптілігіне, Ж.-ның алдын ала біле тұра ату мүмкіндігі бар жарақаттаушы әрекеті бар газды-травматикалық тапаншаны заңсыз иемденіп, алып жүргеніне, сол арқылы және тесіп-кесу қабілеті бар пышақты қолданып, жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірудің мақсат-тәсіліне, оның осы қылмыстық әрекетті жасаудағы белсенділігіне назар аударылмаған. Ж.-ның адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен қоғамдық тәртіпті құрметтемеуін анық көрсетіп, әдепсіз әрекеттер жасағанына жан-жақты саралау жүргізбей, жазаның оның түзелуіне жеткіліктігі тұрғысынан объективті баға бермей, жеңіл жаза тағайындаған.

Ж. қылмыстардың жиынтығы кезінде ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған, сотқа дейінгі және сотта берген жауаптарында қылмыстық жауаптылықтан құтылу мақсатында жасаған қылмысын жоққа шығарған, іс-әрекетіне өкініш білдірмеген.

Соттар жаза тағайындау кезінде қылмыстың түрі мен сипатына, ауырлығына, жәбірленушінің қылмыс салдарынан қандай қасірет шеккендігіне, келтірілген зардапқа, материалдық, моральдық шығынның өндірілу жағдайына, қылмыс жасаған адамның мінез-құлқына баға бермеген.

Сондықтан қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы Ж.-ға тағайындалған жазаның қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы мен сотталған адамның жеке басына сәйкес келмеуіне байланысты сот актілері өзгертілуге жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Ж.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертіп, оған ҚК-нің 287-бабының екінші бөлігімен 6 айға бас бостандығынан айыру, ҚК-нің 293-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен 3 жылға бас бостандығынан айыру жазалары тағайындалып, ҚК-нің 58-бабы үшінші бөлігінің негізінде онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы түпкілікті 3 жылға бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалды.

ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігінің 2) тармағының негізінде Ж.-ға тағайындалған жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу белгіленді.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы, жәбірленуші Қ.-ның мүддесі үшін келтірген қорғаушы М.-ның өтінішхаты қанағаттандырылды.

Жаза тағайындау

**Іс бойынша ерекше сипаттағы мән-жайлардың
барлығы туралы апелляциялық сот сатысының
тұжырымы заңға негізделмеген**

2020 жылғы 3 қараша

№ 2уп-235-20

Түркістан облысы Арыс аудандық сотының 2020 жылғы 31 наурыздағы үкімімен:

Т. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 192-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен 7 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 287-бабының төртінші бөлігімен 4 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 291-бабы үшінші бөлігінің 3), 4) тармақтарымен 5 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 58-бабының үшінші бөлігі негізінде түпкілікті 7 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу белгіленген.

ҚК-нің 62-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағына сәйкес Т. 2019 жылғы 22 қазаннан үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстауда болған бір күні орташа қауіпсіз мекемеде жазаны өтеудің бір жарым күн есебімен жаза мерзіміне есептелген.

Жазаны өтеу мерзімі 2019 жылғы 22 қазаннан бастап есептелген.

Т.-дан мемлекет пайдасына 196 884 теңге процестік шығындар өндірілген.

Осы үкіммен Қ. мен Ж.-да сотталған, оларға қатысты сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы наразылық келтірілмеген.

Сот үкімімен Т. адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен атыс қаруын заңсыз тасымалдағаны, тұрғын үй-жайға заңсыз кіріп, ірі мөлшердегі мүлікті жымқырып қарақшылық жасағаны және жәбірленушінің үйінде тіркелмеген атыс қаруын оқ-дәрілерімен жымқырғаны үшін кінәлі деп танылған.

Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 15 мамырдағы қаулысымен сот үкімі өзгертілген.

Т.-ға қатысты ҚК-нің 55-бабының төртінші бөлігінің талаптары қолданылып, ҚК-нің 192-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағы бойынша бас бостандығынан айыру жазасы 5 жыл 1 айға дейін төмендетілген. ҚК-нің 58-бабының үшінші бөлігі негізінде түпкілікті 5 жыл 1 айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындаған. Үкімнің қарар бөлігіндегі «2019 жылы 22 қазаннан» деген сөз «2019 жылы 19 қазаннан» деген сөзбен ауыстырылған. Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылған.

Бас Прокурор наразылығында сотталғанның іс-әрекеттерінің саралануы мен дәлелденуі дауламаған, алайда апелляциялық сот алқасында Т.-ға қатысты ҚК-нің 55-бабы төртінші бөлігінің талаптары дұрыс қолданылмағанын көрсете отырып, сот қаулысын өзгертіп, бірінші сатыдағы соттың үкімін өзгеріссіз қалдыруды сұраған.

Сотталған Т.-ның сот үкімінде көрсетілген мән-жайлар қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны сот отырысында объективті түрде зерттелген әрі тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген және істің нақты мән-жайларына сәйкес келеді.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысына сәйкес қылмыстық жаза тағайындаған кезде, соттар ҚК-нің 52-бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтағандары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескерулері қажет.

ҚК-нің 55-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін тиісті бапта белгіленген төменгі шектен төмен жаза тағайындауға не қылмыстық құқық бұзушылық сараланған ҚК-нің тиісті бабының санкциясында көрсетілмеген жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындауға немесе міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жазаны қолданбауға тек қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін едәуір азайтатын ерекше мән-жайлар анықталған жағдайда ғана жол беріледі.

Жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, осындай мән-жайлардың жиынтығы да және жасалған әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесінің төмен екенін және сотталушының оң әлеуметтік-адамгершілік бейнесін айғақтайтын жасалған іс-әрекетке, сотталушының жеке басына қатысты өзге де мән-жайлар, ерекше мән-жайлар деп танылуы мүмкін.

Апелляциялық сот алқасы Т.-ға жаза тағайындау кезінде ол құқық бұзушылықты жасау барысында белсенді рөл атқармағанын, бұрын сотты болмағанын, бұл қылмыстық құқық бұзушылықты жасамай тұрып және жасағаннан соң қандай да бір қылмыстық әрекет жасамағанын, басқа заң бұзушылықтарға жол бермегенін, топтық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы топтың жасаған іс-әрекеттерін ашуға белсене жәрдемдескенін, жасаған әрекетін ішінара мойындап, жәбірленушілерге келтірілген материалдық

залалды ішінара орнына қойғанын ерекше мән-жайлар ретінде танып, оған ең төменгі шектен төмен жаза тағайындау қажет деген тұжырымға келген.

Алайда сот алқасының Т.-ның құқық бұзушылықты жасау барысында белсенді рөл атқармағаны және қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы топтың жасаған әрекеттерін ашуға белсенді түрде жәрдем бергені туралы тұжырымдары қылмыстық іс материалдарына сәйкес келмейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде анықталғандай, Т. жәбірленушінің үйінен алған аңшы мылтығымен жәбірленушілер Д. мен М.-ны бақылаған, асхана пышағын жәбірленуші М.-ның мойнына тақап, жәбірленушілердің қол-аяқтарын арқан жіппен және скотчпен байлап, жәбірленуші М.-ның есік алдында тұрған автокөлігінің дөңгелектерін пышақпен жарып кеткен.

Бөлектенген қылмыстық іс бойынша кінәлі деп танылған Қ. осы қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға және оның қатысушыларына қатысты ақпаратты қылмыстық қудалау органына берген адам болып танылған. Сол себепті Арыс аудандық сотының 2020 жылғы 12 маусымдағы үкімімен оған жаза тағайындауда ҚК-нің 55-бабының төртінші бөлігі қолданылған.

Іс материалдарына сәйкес сотталған Т. кінәсін ішінара мойындаған және жәбірленушілерге келтірілген материалдық залалдың орнын толығымен өтемеген.

Сонымен қатар сотталған Т. бетіне медициналық бетперде қолына құрылыс қолғаптарын киіп, адамдар тобымен атыс қаруын және пышақты қолдану арқылы тұрғын үйге заңсыз кіріп, жәбірленушілердің өмірі мен денсаулықтарына қауіпті күш қолданып, бөтеннің мүлкін қарақшылық жолмен ірі мөлшерде жымқырып, ауыр қылмысты жасаған.

Істің мұндай тұрғысында, апелляциялық сот алқасының іс бойынша әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін төмендетуге мүмкіндік беретін ерекше сипаттағы мән-жайлардың болуы туралы тұжырымы негізсіз және олар ҚК-нің 55-бабының төртінші бөлігіне сәйкес сотталған Т.-ға қатысты тағайындалған жазаны жеңілдету үшін негіз болып табылмайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Т.-ға қатысты апелляциялық сот алқасының үкімін өзгертіп, Т.-ға қатысты ҚК-нің 55-бабын қолданылу бөлігінің күшін жойды.

